

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 қыркүйектегі N 852 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1230 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 459 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.06.2015 № 459 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғалардың үлгі жарғыларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 сәуірдегі N 852 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., N 38, 406-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Акционерлік қоғамның үлгі жарғысында:

"Қоғамның органдары" деген 9-тарауда:

28 - тармақта:

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) Заңның 22-бабының 5-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде қоғамның қарапайым және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;"

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;"

32-тармақ "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздердің алдынан мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"уәкілетті органның (бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган) нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін";

33 - тармақта:

9) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеу мөлшері мен талаптарын айқындау;"

14) тармақшада ", сондай-ақ олардың қызметі мәселелері жөнінде шешім қабылдау " ;

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау " ;

37-тармақтың бірінші және екінші абзацтары алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің үлгі жарғысында:

"Серіктестіктің органдары" деген 6-тарауда:

6.6-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Серіктестіктің тексеру комиссиясы немесе жеке дара тексерушісі жалпы жиналыста бес жылдан аспайтын мерзімге сайланады.";

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктің үлгі жарғысында:

"Серіктестіктің органдары" деген 6-тарауда:

6.6-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Серіктестіктің тексеру комиссиясы немесе жеке дара тексерушісі жалпы жиналыста бес жылдан аспайтын мерзімге сайланады.";

4) көрсетілген қаулымен бекітілген Сенім серіктестігінің үлгі жарғысында:

3-тараудың тақырыбындағы "Серіктестікке қатысушылардың" деген сөздер " Серіктестікке толық қатысушылардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

3.1 және 3.2-тармақтардағы "Серіктестікке қатысушылар" деген сөздер " Серіктестікке толық қатысушылар" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) көрсетілген қаулымен бекітілген Өндірістік кооперативтің үлгі жарғысында :

"Кооперативтің мүлкі" деген 4-тараудың 4.1-тармағы "жарғылық капиталы" деген сөздерден кейін "бар болған жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*